Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 мамыр 3115-24-00-2/1008 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімі аппаратының мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Ziat Online Mektebi» Арман Бахытұлы Сербай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімі аппаратының мамандандырылған базасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «ZIAT ONLINE» Арман Бахытұлы Сербайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Ziat Online Mektebi» Арман Бахытұлы Сербай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Ziat Online Mektebi» Арман Бахытұлы Сербайдан мемлекет пайдасына 6 693,54 (алты мың алты жүз тоқсан үш) теңге, 54 тиын тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Ziat Online Mektebi» Арман Бахытұлы Сербайдан мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 29.05.2024

Заңды күшіне енгізілді: 10.07.2024 Сот өндірісі Жаңымуратов Е. А., 10.07.2024

Судопроизводство

i115-24-3-1/1043